

СУДЬЯ – ХАЛЫҚ ҚЫЗМЕТШІСІ



Демократиялық, құқықтық, зайырлы мемлекет құруға ұмтылып отырған біздің елімізде үш биліктің дара бір тармағы – сот билігі де үлкен ізденіс үстінде. Сот реформасы жүріп жатыр. Істе ілгерілеу бар. Біз бүгінгі күні өз тарапымыздан қолжеткізген табыстарымызды тізіп жатпай-ақ, әлі де арыла алмай отырған ортақ кемшіліктерге тоқталып, одан шығу жолы жөнінде ой бөліспекпіз.

(Соңы 2-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

МӘСЕЛЕ

САН мен САПАДАҒЫ АЛШАҚТЫҚ АЗАЯР ЕМЕС

Қазақстан әлем елдерінің ең соңғы жарияланған рейтингтерінде автомобиль жолдарының ұзындығы жағынан – 32, жан басына шаққандағы ұзындығы жағынан – 97, ал оның сапасы жағынан – 93 орында тұр. Елбасы 2030 жылға дейін Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті озық 50 елдің, ал 2050 жылға қарай отыздықтың қатарына кіргізуді республиканың стратегиялық мақсаты етіп белгілеген болатын. Сондықтан экономиканың күре тамыры саналатын автомобиль жолдарының сапасын көтеруде Үкіметті қыруар шаруа күтіп тұр. Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне қарағанда, жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының ұзындығы былтыр елімізде 11 997,6 шақырымды құрады. Оның 3413 шақырымы республикалық, 3186 шақырымы облыстық, 5397,6 шақырымы аудандық маңызы бар жолдар.

2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша елімізде 2022 жылға дейін – 7 мың, ал 2025 жылға қарай 11 мың шақырым автожол ақылы болады деп жоспарланған

болатын. Алайда осыған қарамастан биыл қарашаға дейін елдегі ақылы жолдың жалпы ұзындығы 682 шақырым ғана болды. Олар «Нұр-Сұлтан – Щучинск (211 шақырым)»; «Нұр-Сұлтан – Теміртау (42

шақырым)»; «Алматы – Қапшағай (42 шақырым)»; «Алматы – Қорғас (295 шақырым)» жол учаскелері.

Жоспар бойынша биыл бастапқыда маусым айынан бастап 18 учаскедегі 5,8 мың шақырымдық автожолда ақылы қызмет енгізілуі тиіс еді. Алдымен 1 қараша, одан кейін 15 қарашаға шегеріліп, енді уақыты белгісіз болып отыр. 1-кезеңде жалпы ұзындығы 1,8 мың шақырым болатын 4 жолақты қозғалысы бар бірінші санаттағы республикалық маңызы бар автожолдардың 7 учаскесінде ғана енгізілуі керек болған. Олар: «Нұр-Сұлтан – Павлодар»; «Қапшағай – Талдықорған»; «Тараз – Қайнар»; «Шымкент – Тараз»; «Шымкент – Қызылорда»; «Шымкент – Ташкент»; «Щучинск – Көкшетау».

(Соңы 3-бетте)

АҚЫЛЫ ЖОЛДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ҚАШАН ЖАҚСАРАДЫ?

Диас АХМЕТШӘРІП, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ баспасөз хатшысы:

– Ақылы жолдағы көрсетілетін қызмет сапасы туралы айтқан кезде біз оны бірден Еуропа елдерімен салыстыра алмаймыз. Мәселен, еліміздің аумағы 5 Франция сыйып кететіндей үлкен болғанымен, халық саны өте аз. Қазір біздегі 4 ақылы жолдың жалпы ұзындығы 682 шақырым. Оның алғашқысы 2013 жылы Нұр-Сұлтан–Щучинск бағытында ашылған болатын. Онда 150-ге жуық техника жұмылдырылған.

Жалпы, автожолдарды күтіп ұстауға үкімет тарапынан нормативке сай 48 млрд теңге қаржы бөлінеді. Алайда, 2020 жылы бізге 18 млрд қана бөлінді. Ақша жол салуға ғана бөлінеді де, оны күтіп ұстауға бөлінбейді.

Қазақстанда ақылы автожолдың пайда болғанына биыл 8 жыл толды. Оның көлемін 2022 жылға дейін 7 мыңға жеткіземіз деген жоспар әзірше арман болып қалуда. Ондағы көрсетілетін қызметтің сапасына қатысты жұртшылық арасында түрлі сын-пікір көп. Бұл туралы қоғаммен байланыс жасайтын БАҚ өкілдерінің ойын сұраған едік.

Ұлан ТӘЛІПБАЙ, журналист:

– Ақылы жол енгізіледі деген кезде жолдың бәрі тақтайдай тегіс болады деп қуанғанбыз. Көпшілік ондай жолдарды Еуропа мен араб мемлекеттерінен көрген ғой. Алайда, әрбір шақырымына 1 млн доллардан астам қаржы жұмсалған жолдың сапасы әлі сын көтермейді. Әсіресе, Жамбыл, Түркістан облыстарында бетон жолдардың өзі қақ айырылып, көтеріліп кеткен. Осы жылы жүк тасымалдаушы жүргізушілердің республика бойынша наразылық білдіруінің өзі жолдың сапасыз екенін білдіреді. Олар ақысын төлегенмен, жолдағы қызмет сол ақыға сай емес. Содан кейін «ҚазАвтоЖол» деген мекеме жауапты болып отырған бетон жолдар қыста жабылып қалады. Мұз қатырмайтын түрлі қоспаларды шетелден сатып алады. Ал біздің жолға қатысты оқу орындарының ғалымдары бетонға зақым келтірмейтін түрлерін ойлап тапқан. Бірақ оны сол жолға пайдаланбай отыр. Жолдың ақысына қатысты да қоғамда түрлі пікірлер айтылып жатыр.

(Соңы 3-бетте)

Бағлан БАЙМАҒАМБЕТ,
Қазақстанның Автожолшылар
қауымдастығының төрағасы:

«ЖОЛ – ЭКОНОМИКАНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ»



– Бағлан Әуелбекұлы, экономиканың күре тамыры жол екені айдан анық. Ендеше, Қазақстанда бүгінгі жол құрылысының көлемі мен сапасын арттыруға қатысты атқарылып жатқан жұмыстар жайлы не айтар едіңіз?

– Еліміз тәуелсіздік ала салысымен Елбасы жол салу ісіне айрықша мән беріп, оны мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналдырды. Себебі, экономиканың құретамыры – жол. Ол болмаса қандай мықты мемлекет болмасын даму деңгейі төмен болады. Осы тұрғыда «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» көлік дәлізі еліміздің төрткіл әлеммен байланысын орнатқан ауқымды жоба болды.

(Соңы 5-бетте)

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сотқа ешкім жетіскеннен келмейді. Зәбір шегіп қажыған, сан соғып алданған, қысым көріп торыққан, ары тапталып, намысы қорланғандар араша іздеп келеді. Үмітпен, сеніммен келеді. Дау-дамайлы істердің қаралып, шешімін табар жері негізінен аудандық, қалалық соттар. Наразылық пен жоғарыға шағымданудың бастауы да осында. Сот шешіміне екі жақтың да келіспей жататын кезі аз емес. Мұның бірнеше себебі бар. Басты себеп, көпшіліктің заңды білмеуінен, дәлірек айтсақ заң жүзіндегі сауатсыздығынан. Азаматтық, құқықтық қарым-қатынасты заң бойынша реттестіре білмейді.

Әрине, судьялар тарапынан да кемшіліктер кездеспей тұрмайды. Істің қаралу мерзімін созып, не атүсті қарап, үкімнің көшірмесін уақытылы бермей, алдына арыз-шағыммен келген кісіге көңіл бөлмеу, дұрыс қабылдамай, тіпті, кейде қабылдамай қою, дәрекі мінез көрсету, т.б. толып жатқан судья әдебіне жат қылықтар туындап жататынын ашы да болса ашып айтуымыз керек. Осының бәрі сот қабылдауына келген азаматтардың орынды өкпе-ренішін тудырады. Арагідік болса да кездесіп қалатын осы жайттер «Бір қарын майды бір құмалақ шірітедінің» керін киіп, бүкіл сот беделіне нұқсан келтіреді.

2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Мемлекет басшысының бағдарына күмән келтіретіндер, жұмыс істеу қолынан келмейтіндер, ебін тауып орнында отыра беруді қалайтындар, Президенттің тапсырмаларын орындаудан жалтаратындар қызметтен кетуге тиіс» деп айтты. Сот жүйесінің алдына қойылған міндет – заң үстемдігін орнату, бұл міндетті орындау үшін судьяның шығаратын сот актісі заңды әрі әділ болуы қажет.

Абырой-бедел – адал атқарған жұмыспен келеді

Судьяның әрбір басқан қадамы, іс-әрекеті, тыныс-тіршілігі үнемі көпшіліктің назарында. Сондықтан, әрбір судья өз беделінің төмендеуін бір сәт те естен шығармауы керек. Судья – халық қызметшісі. Судья болу заң шеңберінде шешім қабылдап, не үкім шығарып қана отыру емес. Ол қоғамның, яки өзің өмір сүріп отырған ортаның ауыры мен жеңілін, жақсысы мен жаманын жаныңмен сезініп, жүрегіңнен өткізу. Азаматтық үн қату, үлес қосу. Сонда ғана судья халыққа жақындай түспек. Сонда ғана халық сенімі арта бермек. Абырой-бедел адал атқарған жұмыспен келеді. Адалдықтың негізі – әділдікте яки, адал шешімде.

Дана билеріміз дауды 100 пайыз медиация жолымен шешкен. Бұның

себебі – билеріміздің ерекше қасиеттерге ие болып, тіл өнерін жоғары деңгейде меңгеруі, сонымен қатар, Ұлы далада қалыптасқан әдет-ғұрып. Қазақ қоғамында билерді сайлау, тағайындау немесе бекіту деген түсінік болмаған. Би қызметін жалғастыру атадан балаға мұра болып та қалмаған. Биді халық таңдаған. Халық бидің табиғат берген шешендік, ақыл-парасат, қызыл тілде ешкімге дес бермес қасиеттеріне қарап, «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын білуі, өзіне дейінгі атақты билердің үлгілі сөзінен нәр алуына аса назар аударған. Бала билер тәжірибелі, көрнекті, ел алдындағы айтулы билердің тәрбиесінде болып, атқосшылықта жүріп, тәжірибе жинаған. Кезегі келгенде тәлімгер билердің ақ батасын алып, билік айтып, тура билігімен ел аузына іліккен. Қара қылды қажарған әділдігімен халық қалаулысына айналған.

Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі

Бидің кесім-бітімі көпшіліктің көз алдында жарияланатын. Би шешімін сұлтандар мен старшындар жүзеге асыратын. Би дұрыс үкім шығармаған жағдайда өзінің абыройынан айырылып, оған жүгінуші болмайтын да, сол кезден бастап ол өзінің «би» деген атағынан айырылатын. Ал ешкімге бұра тартпай, дұрыс шешім шығарса, еңбегі үшін кінәлі жақтың есебінен сыйақы алатын. Сыйақының мөлшері дауда өндірілетін мүліктің оннан бір бөлігіне тең болатын. Билердің аузынан шыққан даналыққа толы ой-толғамад ел аузында таралып, жатталса, ондағы негізгі ой елді жақсылыққа, дұрыс жолға жетелеген. Әділдігімен, турашылдығымен жұрт көңілінен шыққан билер, ең алдымен, ел бірлігі мен татулығын ойлады. Билер институты казак жерінің берекесі – отансүйгіштік, ерлік және ар-ұждан сияқты маңызды қасиеттерді жоғалтпауға тән адам қүндылықтарды сақтауға үйретіп отырды.

Әділеттің ақ туын желбіреткен биге қойылған талап әрқашанда қатаң болған. Бұл туралы академик Салық Зиманов өзінің төрт тілде шыққан «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» деген кітабында: «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қолжеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған» деп жазады.

Қазіргі кезде болып жатқан интеграция, жаһандану үрдістері күллі әлемді өзгертіп, жаңашылдықтарымен қоса елдің ұлт-болмысына әсерін тигізуде. Бұл ретте, ұлттық менталитетімізге жарасқан ажарқын мінез, қазақы қалжың, ұтымды ой мен астарлы сөз

ҚҰҚЫҚ СУДЬЯ – ХАЛЫҚ ҚЫЗМЕТШІСІ



Досжан ӘМІР,
Ақмола облыстық сотының төрағасы

секілді ерекшеліктерімізді асқартатар жақсы қасиеттер тасада қалмау керек. Қазақтың мақал-мәтелі мен нақыл сөзінің өзі тағылымы мол тамаша мектеп үлгісі.

Қазақ даласының дамыған сан-салалы өркениетті болғаны баршаға аян. Басқасын айтпағанда «Есім ханның ескі жолы» мен «Қасым ханның қасқа жолы», Өз Тәукенің «Жеті Жарғысының» өзі не тұрады. Демек, бізде үлгі аларлық негіз бар, ендеше неге үйренбейміз, неге үрдіске енгізбейміз? Айтып отырғаным кесек мінез бен кесікті сөз. Әділ де тура кесілген шешім. Уәжді сөз айта білген би, сол уәжге тоқтай білген хан мен қара, батыр мен бағлан.

Жадында тұрар үш сөз: ҰЯТ, БОРЫШ, ОБАЛ

Қазақ хандығы тұсында, тіпті оған дейінгі билер бүгінгі мемлекеттік биліктің міндеттерін атқарып келген. Яғни, билер атқарушылық, заң шығарушылық, билік айтып ел басқару қызметтерінің барлық түріне араласты. Сондықтан да, қоғамда қандай қиын жағдай болса да, бидің алдын кесіп, оған қарсы шыққандар болмаған. Бүгінгінің биі – бірінші кезекте халыққа сот

төрелігін шынайы әрі турашылдықпен жүзеге асыруда әділ билігімен танылған, соттық функцияны атқаратын мемлекеттік қызметші. Билер кесімі халық көңілінде күмән туғызбастай сенімді болуы шарт. Мысалы, Тана биге бата бергенде Малайсары би: «Шырағым, үш сөз бар, соны ұмытпай жүрсең, халқың соңыңнан қалмас. Ұмытсаң, артына ермес. Ол үш сөз: ұят, борыш, обал!», – деген екен. Бұл ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан билерге қойылатын негізгі талап. Адам тағдырын қолына алған би шешім шығармастан бұрын, өзінің адам екенін, сондықтан да ұят, борыш, обал деген сөздердің мәнін ұмытпауы тиіс. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген кесімді сөз кез келген судья үшін берік ұстаным. Би істің ақ-қарасын анықтамай, туғанына тартып тұрса, оның әділдігі қайсы? Биде туған болмау керек деген осы. Қазақтың біртуар, халық қаһарманы, Ұлы Отан соғысында жасаған ерлігімен аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы: «Әділін сұраса, атанның болсын айыбын айт», – деп әділдіктің ақ жолын ту еткен.

«Өнер алды қызыл тіл» дейді дана халқымыз. Әрбір судья өз мамандығы тек күнкөріс кәсібім деп қана ұқпай, оны шығармашылық дәрежеге көтеріп

жатса құба-құп. Айталық, судьяның сот процесін жүргізуі белгілі бір дәрежеде шеберлікті қажет ететіні шындық қой. Сергек сезім, дәл сәтінде айтылған сөз бен бұлтартпас сұрақ, әрбір сәтті қалт жібермей қадағалап, іштей ой қорытып отыру. Осы орайда, орашолалығынан түсініксіз жазылған былдыр-батпақ шешімді оқығанда кейбір әріптестерге қарап қынжыласың. «Іш қазандай қайнайды...»

«Тіл – ойдың киімі»

«Тіл дегеніміз ойдың киімі» депті бір данышпан. Ал, айтқыш қазақ «Тіл бас жарады, бас жармаса тас жарады» деп бір-ақ қайырған. Ой анықтығынан барып анық сөз шығады. Ойлау мәдениетінен барып сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Әрбір судьяның, әрбір төрағаның ойлау мәдениеті мен сөйлеу мәдениетін меңгеруі бүгінгі күннің талабы. «Біз жаман әрекет жасаудан қорқамыз, өйткені оған заң бар, ал жаман ойлаудан қорықпаймыз, себебі, ол ішімізде. Сыртқа шықпаса болды дейміз. Сонда жаман әрекет қайдан шығады, жаман ойдан шығады». Бұл өз замандасымыз қазақтың аса бір интеллектуалды жазушысының бір кейіпкерлерінің айтқаны.

Жалпы, бүгін заман озып, жаңғырып қайта түлеп жатқан ізденіске толы ұлы дүбірдің тұсында, біз де өмір көшіне жай ғана ілесіп жүре бермей, жаңаша ойлап, жаңаша жұмыс жасауымыз керек сияқты. Асыл мұрат пен биік мақсат жолында ерекше құлшыныс, серпіліс қажет деп білемін.

Құқықтық мемлекетте сот билігі қоғамдағы әлеуметтік теңдік пен тұрақтылықтың кепілі ретінде бағалануы үшін азаматтық белсенділікті танытуды өз борышымыз деп түсінгеніміз жөн. Қай елді, қай заманды алсаңыз да, сот жүйесіне қарап, қоғамдағы билік қайда, оның халық мүддесі алдындағы адалдығы туралы пікір қалыптасады. Сондай-ақ, судьялар үнемі халықпен тікелей қарым-қатынаста болғандықтан, олардың моральдық бейнесі мен кәсіби жетістігі қызмет барысында ерекше рөл атқарады. Әрбір судья сот билігінің тәуелсіздігін бекітуге, өз кәсібінің беделін арттыруға, сот төрелігін нығайтуға қатысты жұмыстарды адал жүзеге асыруға тиіс. Ежелгі антикалық дәуірден бері жалғасып келе жатқан билер дәстүрі омыз өзгерген сайын өзгеріп, жаңарып отырғанымен, негізі, міндеті, талаптары сол қалпында тұр. Өйткені, олар кезінде Қазақ хандығының даналары атанса, енді бүгінде Қазақстан мемлекетінің беделіне айналып отырғаны анық.

туралы кодекстің 54-бабында құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу тәртібі дәйектелген. Мұндай тетіктің енгізілуі орынды. Өйткені, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасап, жауаптылық белгіленген азамат өз отбасына қайта оралады. Олар айналасына қатер төндіреді деген күдік туындаған жағдайда судья құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілейді. Осылайша судья әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі қарау кезінде өз бастамасы бойынша не полиция органдарының немесе әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге басқа қатысушылардың өтінішхаты бойынша құқық бұзушының жәбірленушіні іздеуіне, ізіне түсуге, баруына, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуіне және өзге де тәсілдермен байланыс жасауына үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге тыйым салады. Сонымен бірге, судья құқық бұзушыға қатысты атыс қаруын және қарудың басқа да түрлерін сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға; кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның рұқсатынсыз балалармен қыдыруына, алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі, психотроптық заттарды қолдануға толық көлемде ерекше талаптарды белгілеуі мүмкін. Мұндай парменді шаралар жәбірленушінің қауіпсіздігі, өзін шарасыз сезінбеуі үшін ғана емес, сонымен қатар құқық бұзушыға ой салу үшін де керек.

Біздің сотта ӘҚБтК 54-бабын қолдана отырып 2019 жылы – 11, 2020 жылы – 6, 2021 жылдың 9 айында 10 азаматтың мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеген. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты істерді таразылағанда ең алдымен екі жақты шақыру да назардан тыс қалмайды.

Э.АЛДАБЕРГЕНОВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы



Қазақстанда әлеуметтік осал топтардың мүддесін қорғауға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесуге қатысты ауқымды жұмыстар жылдар бойы тұрақты жүргізіліп келеді. Мемлекет басшысының жыл сайынғы дәстүрлі жолдауларынан да бұл мәселе тыс қалған емес. Айталық, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Әйелді құрметтемеу деген болмау керек. Бірден айтайын, ондай зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс» дегені есімізде. Алайда, бұл тұрмыстық озбырлыққа жол бергендерді жаппай түрмеге жабу дегенді білдірмесе керек. Өйткені, заңдарды ізгілендірумен қатар, отбасы институтын жандандыруды көздейтін еліміздегі құқықтық саясат тараптар арасындағы келіспеушілікті мейлінше ортақ келісіммен бітіруге, азаматтарды қылмыстық әділет саласына тарту

процесін азайтуға және ел түрмелеріндегі халық санын қысқартуға бағытталып отыр. Дәл осы ұстаным отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты белгілеу кезінде де ескерілген.

Отбасы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты істер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің бірқатар баптары бойынша қаралады. Соның ішінде соттар деңсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру (73-1 бап), ұрып-соғу (73-2 бап), отбасы қатынасындағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту және тағы басқа жасалған әрекеттер (73-бап) бойынша әкімшілік істерді қарайды.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2019 жылы Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында жоғарыдағы баптар бойынша (73, 73-1,

73-2-бап) 623 іс қаралып, екі жақтың татуласуына байланысты 460 іс қысқартылған. Ал 2020 жылы қаралған 674 істің 435-сінде тараптар татуласқандықтан іс қысқартылған. Биылғы жылдың тоғыз айында 435 іс қаралып, оның 261-і тараптардың татуласуымен аяқталған. Мұндай құқықбұзушылық жасаудың негізгі себептері – маскүнемдік, жұмыссыздық, тұрмыстық мәселелер, қызғаншақтық, психикалық ауытқулар және т.б. мәселелер болып табылады.

Әрине, ерлі-зайыптылардың ашуын ақылға жеңдіріп, отбасын сақтап қалуға тырысуы қуантарлық іс. Алайда, бес саусақтың бірдей болмайтыны сияқты, сотта ісі қаралып, түсіндіру жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан жақындарына әлімжеттік жасайтын, қол жұмсауын қоймайтын, айналасына қатер төндіруден тыйылмайтын жандар да аз емес. Соған орай Әкімшілік құқықбұзушылық

МӘСЕЛЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Еліміздегі республикалық және халықаралық маңызы бар 24,4 мың шақырым автомобиль жолдарының (бұл бүкіл автомобиль жолдарының 20 %) ұлттық операторы болып табылатын «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Талғат Смағұловтың айтуынша, Президент сынынан кейін жолды салу мен жөндеудің кешенді жоспары әзірленді. Яғни, заңнамалық, техникалық және нормативтік актілер қайта қаралады.

Мемлекет басшысының қыркүйектегі жолдауында мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық жобаларға көшуді қамтамасыз етуді тапсыруына орай, 2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы «Қуатты өңірлер: ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына айналды. Бір қарағанда ақылы жолдағы тариф 2013 жылдан бері өзгермегенімен, оның көрсетілетін қызметке қаншалықты сәйкес келетіні ғана көпшіліктің күпті көңілін тыныштандыра алмай отыр. Бұл мәселе 2 маусымдағы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысындағы Азат Сембиновтың «Ақ жол» фракциясының аттынан Индустрия және инфрақұрылымдық даму министріне жолдаған депутаттық сауалында да айтылған болатын. Алайда ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі де, Үкімет басшысы да өз аттарына айтылған сыннан әлі күнге дейін жалпы жұртшылық қанағаттанатындай нәтиже шығара алмай отыр. Сол себепті ресейлік нөмірмен жүрген автокөліктерге қатысты мәселе арқылы үкімет қоғам назарын басқа жаққа бұра алғанымен, ақылы жолдағы қызмет сапасына қатысты түйткілді жағдай әлі ашық күйінде қалып отыр. Өйткені, қарашадағы алғашқы қарда-ақ, үкімет бұған дейін мақтауын жеткізген ақылы жолдар жүргізушілерді біраз әбігерге салып үлгерді. 3 қарашада «Жолдар қысқы күтіп ұстауға сакадай сай» деп мәлімдеме таратқан ақылы жолдары қызметке бірден бір жауапты мекеме саналатын «ҚазАвтоЖол» компаниясы өз сайтында: «Қазақстанда республи-

калық маңызы бар автомобиль жолдарын қыста күтіп ұстауға дайындық жұмыстары аяқталды: арнайы техника, тайгакқа қарсы материалдар, жылыту пункттері мен өндірістік базалар дайын. Атап айтқанда, «ҚазақАвтоЖол» ЖШС өндірістік қоймалар, қазандықтар мен өндірістік базалардың 550-ден астамын, қысқы арнайы техниканың – шнекороторлар, ҚЖМ, автогрейдерлер, бульдозерлер және тиегіштер сияқты 1087 бірлігін әзірлеген. Жол қозғалысына қатысушыларды көктайғақтан қорғау үшін құм мен ұнтақтың 135 мың текше метрі, шамамен 18 мың тонна химиялық реагент дайындалды. Сондай-ақ, жол жиегінен шөп шабу, су өткізу құбырларының санылауларын жабу бойынша жұмыстар жүргізілуде, уақытша жол белгілері мен қардан қорғайтын қалқандар әзірленген» деп жариялады. Ақылы жолдан өткен көліктің бірде бірін назардан тыс қалдырмайтын бұл компания енді ондағы қызметінің сапасымен де көпшіліктің көңілінен шығып жатса, қанеки.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы бойынша «Көліктік байланысты қамтамасыз ету» және «Базалық қызметтерге тең қолжетімділік» бағыттарына Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрілігі жауапты. Онда мынандай индикаторлар қарастырылған: республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын нормативтік жағдайға – 100 %, жергілікті жолдарды – 95 % жеткізу; ел аумағы арқылы өтетін транзиттік жүк ағынын 2025 жылға қарай 30 млн тоннаға дейін ұлғайту; Қазақстанның Дүниежүзілік экономикалық форумының Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексындағы «Инфрақұрылым» көрсеткіші бойынша және Дүниежүзілік банктің «Логистика тиімділігі» көрсеткіші бойынша рейтингтерін жақсарту. Әрине, жыл сайын бюджеттен қомақты қаржы бөлініп жатқан соң көрсеткіш де, рейтинг те тү-

зелері анық. Алайда сан мен сападағы алшақтықты азайту қалай болар екен? Өйткені, қазірдің өзінде «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» бағытындағы көлік дәліздерінде Үкіметтің есебі бойынша байланыс толық қамтамасыз етілген. Ал оның Алматы–Қорғас учаскесіндегі ақылы жолдың қызметін пайдаланатын жүргізушілер: «байланыс ала-құла. Тіпті кейбір жерлерде интернет тұрмақ телефон байланысының өзі істемейді. Алда-жалда көлігіңіз бұзылып қалса, не басқа бір жағдай боп қалса кімнен көмек сұрадыңды білмей дал боласын. ХХІ ғасырда республикалық қана емес, халықаралық деңгейде маңызы бар ақылы автомагистральді байланыс қызметімен әлі толық қамтамасыз ете алмау елдің атына кір келтіретін жағдай ғой» деп жүр.

Қазақстандағы автомобиль жолдарын мемлекеттік басқарудың, оларды мемлекеттің және автомобиль жолдарын пайдаланушылардың мүдделеріне салудың, пайдаланудың және дамытудың құқықтық, ұйымдық және экономикалық негіздері 2001 жылғы 17 шілдедегі «Автомобиль жолдары туралы» заңмен реттеледі. «Автомобиль жолдары туралы» заңның 6-бабының 1-тармағы бойынша Қазақстанның жол жүрісі саласындағы мемлекеттік саясаты жол жүрісі қатысушыларын қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуге, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға және олардың салдарының ауыртпалығын азайтуға бағытталған. Статистика бойынша ақылы жолдардағы жол-көлік оқиғалары бейнебақылау жүйесі нәтижесінде азайғанымен, ондағы көрсеткіш әлі де қоғамды қанағаттандыра қойған жоқ. Жүргізушінің кінәсінен емес, жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты компанияның өз міндетін толық орындамауынан көліктері жауған қар мен жаңбырдан кейін тайғанақтап, бір-біріне не жолдың ернеуіне соғылып, мұндай жол-көлік оқиғасынан соңы

адам өлімімен аяқталған жағдайлар аз емес. БҰҰ жүйесіндегі халықаралық ұйымдардың есептеуінше, жалпы жол-көлік оқиғасының шығынының көлемі кейбір елдерде ЖІӨ-нің 3 пайызына дейін жетіп жығылады екен. Қазақстанда оның көлемі әлі толық зерттелмегендіктен, бұл туралы қазір ешкім ешнәрсе айта алмай отыр.

«ҚазАвтоЖол» мен Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі басшыларының айтуынша, ақылы жолдан түскен қаржы оны күтіп ұстауға ғана жетеді. Ал өзге елдердегідей қомақты табыс туралы айту бізге әлі ерте. Мәселен, еліміздегі ең алғашқы ақылы жол саналатын 211 шақырымдық «Астана–Шүчинск» учаскесінен 2014 жылы 1,065 млрд теңге жиналған, ол

жолды күтіп ұстауға жұмсалған қаржының 86 пайызын құраған. Ал 2019 жылы төрт ақылы учаскеден жиналған қаражат 5 389 млн теңгені, 2020 жылы 5 746,4 млн теңгені құраған. Сондықтан, ақылы жолды ұлғайту арқылы ондағы бүкіл мәселені шешеміз деуге әзірге еш негіз жоқ. Бұл әлі де заңдық тұрғыдан жетілдіруді ғана емес, экономикалық тиімділігі де жан-жақты зерттеуді қажет ететін сала болып қала береді. Өйткені, әлемнің өзге елдерінде автожолдан өтетін көлік саны әрбір шақырымға шаққанда 80-100 мыңнан асса, бізде ол 7 мыңды ғана құрайды. Өзге елдерде ақылы жолдан түскен табыс жолды күтіп ұстауға ғана емес, одан табыс табуға мүмкіндік берсе, бізде ол жолды күтіп ұстауға да жетпей отыр.

Сіз не дейсіз?

Сәбит АМАНБАЕВ,
ҚР Автокөлікшілер одағының
атқарушы директоры:

– Ақылы жол халықаралық тәжірибеде бар нәрсе. Оған ешкім қарсы емес. Алайда менің айтқым келетін нәрсе біз бір жағынан бұрқыратып жолдарды салып жатырмыз. Сапасы да жақсы деп айтуға болады. Бірақ, оны қолдану мәдениеті әлі дұрыс ұйымдастырылмаған. Ауылдық елді мекендерге ғана емес, қала ішінде де 40-50 тоннаға дейін жүк тиеген көліктер жүреді. Заң бойынша 1 оське тек 10 тонна деген шектеу бар. Әйтсе де, оны бақылап жатқан жан жоқ, қарап жатқан мекеме де жоқ. Сөйтіп біз жолды салып бітпей жатып оны бұзып, қиратып жатырмыз. Шектеусіз жүрген көлік пен техника көп. Оны бақылау заң бойынша көлік инспекциясына жүктелгенімен, оған оның шамасы жетпей отыр. Сондықтан оны жол қомитеті өз қолына алу керек немесе оны жүргізге алатын басқа бір мекемеге тапсыру керек. Онысы автожолдағы мәселенің түйіні тарқатылмайды.



Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТАҒЫМ

Түркістан облысының полиция қызметкерлері осыдан он жыл бұрын ерлікпен қаза тапқан Халық Қаһарманы Ғазиз Байтасовты ұмытпай, оның ерлігін жас қызметкерлерге дәріптеді.

Түркістан облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің ИЧ-167/9 түзеу мекемесі. оған қарасты Түркістан қалалық пробация және Түркістан полиция департаментінің қызметкерлері бүгінгі күннің батыры Ғазиз Байтасовты бір минуттық үнсіздікпен еске алды.

Ел тыныштығы үшін жанын қиған Ғазиз Байтасов әріптестерінің мәңгі есінде. Сондықтан, түркістандық полицейлер өздерінің жұмыстарын таңғы уақытта ерлікпен қаза тапқан батырды еске алуға арналған 1 минуттық үнсіздікпен бастады. Департамент алдына жеке құрам жиналып, халық қаһармандарының ерлігі туралы айтылды. Түркістан облысының



жеке құрам қызметкерлері бүгінгі жұмыс күніне батырдың ерлігінен жігер алып, өз жұмыстарын абыроймен атқаруға кірісті. Ерлік пен өрліктің хас үлгісін көрсеткен батырларды мадақтау, олардың алдында бас иіп, құрмет көрсету – бүгінгі

ұрпақтың да бұлжымас парызы.

Өткенге көз жүгіртпеген болсақ Халық Қаһарманы Ғазиз Байтасов небәрі қырық жасында өмірімен қоштасты. Қызмет бабында қаза тапқан батырдың дүниеден өткеніне 10 жыл толды. Осыдан он жыл бұрын қара-

шаның қара суығында Жамбыл жұртшылығын ғана емес, бүкіл қоғамды дүр сілкіндірген оқиға орын алған болатын.

Тараз көшелерінде елдің тыныштығын бұзған лаңкесті тоқтатамын деп полиция капитаны Ғазиз Байтасов оққа

ұшты. Ғазизбен бірге сол кезде оның бірнеше әріптесі де болды. Олардың қылмыскерді ұстау үшін жасаған әрекеттері ел есінде. Жан тәсілім еткен полицейлер мемлекет тарапынан да мадақталып, ерліктері бағаланды. Лаңкестің басқа да жазықсыз адамдарды өлтірмеуі үшін өз денесімен оның денесін бүркеп, сол жерде тіл қаптастан қаза тапқан Ғазиздің ерлігі жас ұрпақтың жадында сақталады.

Еске алуға қатысқан Түркістан облысы ҚАЗ департаментінің ИЧ-167/9 түзеу мекемесінің сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы Аманбек Әуелбеков жас қызметкерлерге батырға арнап қойылған такта алдында естелік айтты. Ол өз сөзінде ерлік жасаған полицейлердің ісін әрдайым насихаттап, болашақ жастарды еліміздің патриоты болуға үгіттеу керектігін жеткізді.

– Ерлік ешқашан ұмытылмайды. Сын сағатта қаза тапқан азаматтардың есімі әрдайым халық жадында. Біз тәуелсіз Отанымызға адал қызмет еткен ержүрек азаматтарымыздан айырылды. Лаңкес қолынан

қаза тапқан жамбылдық полицейлер Ғазиз Байтасов, Полат Лянқұлов, Жаксыбек Байсейітов киын сәтте халық мүддесін бәрінен жоғары қоятын нағыз батыл, отансүйгіш азаматтар еді. Бүгінде, батырымыздың ерлігі, отан алдында борышын қорғап, қызметін атқарып жүрген әрбір азамат үшін үлгі. Сондай-ақ, қызмет бабында қаза тапқан батырларымыздың ерлігі жас қызметкерлерімізге өнеге – деді сотталғандар арасында әлеуметтік психологиялық тәрбие жұмыстары бойынша бөлімнің бастығы әділет майоры Аман Пазылбекұлы.

Қауіптің бел ортасында жүретін полицейлердің жұмысы оңай емес. Олар қоғам тыныштығын күзетіп қана қоймай, қиындыққа тап болған қаншама жанды ажалдан арашалап, өмірлерін құтқарып қалады. Елдің бейбіт өмірі үшін күндіз түні адал еңбек етіп жүрген полиция қызметкерлерінің қашан да еңбегі адал, мәртебесі биік.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

АҚЫЛЫ ЖОЛДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ҚАШАН ЖАҚСАРАДЫ?

Диас АХМЕТШӘРІП, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ баспасөз хатшысы:

– Сол себепті біз ақылы жолдарды енгізіп отырмыз. Халық көп жағдайда жол ақылы болса бірден онда қызмет сапасы жоғары болу керек, уақытылы тазаланып, қызмет көрсету орындары да ашылу қажет деп ойлайды. Біз оларға түсіндіріп жатырмыз жол ақылы болған соң біз түскен қаржыны біртіндеп жұмсайтын боламыз деп. Мен жолға 100 теңге төледім, неге онда қар күрейтін көлік жоқ, неге жол бойында жылы әжектана жоқ деп бірден талап қоюға асықпай, оған түсіністікпен қарау керек.

Біз түскен қаржыны үнемдеп, кейде қажетті техниканы басқалардан жалға алып жоқтан бар жасап жатырмыз. Былтыр 4 жолдан 5 млрд теңге түсті. Ол ақылы жолдарды күтіп ұстауға толық жетеді деп ойлаймын. Кейбір учаскелерде 200 техника керек болуы мұндай шешімді техникалық бағасы өте қымбат. Алдағы уақытта 1 санаттағы 7 уақыттық ақылы еткелі отырмыз. Бірақ тариф 8 жыл болды әлі өзгерген жоқ. Қанша инфляция болды, барлық зат қымбаттап жатса да біз оны ұстап отырмыз. Соны халық түсіну керек.

Ұлан ТӘЛІПБАЙ, журналист:

– Бастапқыда ақылы жол ашылғанда шақырылымына жеңіл көліктерден 1 теңгеден алады деген. Қазір сараланған тариф енгізді. Қолма-қол ақшамен төлегендер 2 есе күн төлейді, алдын ала төлем жасағандар сол бағаны төлейді дейді. Мәселен, мына тұрған Қашағай Алматыдан бар болғаны 70 шақырым. Ол жерге 70 теңге алу керек болса да, 100 теңгеден алады. 30 теңге артық алып жатыр. Одан кейін Шелек өңіріндегі жүргізушілер кезінде шу көтерді. Көрші ауылға барып біреудің бірдеңесін алып келу үшін жүк көліктеріне қомақты ақы алып отырады. Кейін «ҚазАвтоЖол» басшылығы Еңбекшіқазақ ауданы тұрғындарын компанияның дерек қорына енгізіп, олардан ақша алынбайды деген. Сол кезде мәлім болғандай Құлжа тас жолымен келген жүргізушілер Шелектің қасында балама жол болмағандықтан бетон жолға шығады да 8 шақырым жүріп, қайта Құлжа тас жолына бұрылады. Алматыға дейін қанша бұрылыс болса барінде камера тұр. Трассадан шыққан кезде сол жерге дейінгі жолға ғана ақы алу керек. Олар Алматыға дейін алып отырған. Оны құзырлы органдар неге тексермейді. Мені алаңдататын мәселе осы.



Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

СОТ СӨЙЛЕСІН

ҚАЗЫ – ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН
ӘДЕПТІЛІК ҮЛГІСІ

Бабалар ғасырлар бойы арман еткен азаттық бізге оңай келмеді. Тарихтың аңтаңдақ беттерін ақтарғанда оған анық көзіміз жетті. Міне биыл, еркін елдің, азат мемлекеттің әлем тарихынан орын алғанына 30 жыл толғалы отыр.

Отыз жылдың ішінде елімізде үлкен өзгерістер орын алды. Бұл осы тұста ел тізгінін ұстаған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бастаған жандарға айтарлықтай сын болды. Аумалы-төкпелі кезеңде қарапайым азаматтарды өзіне сендіре алған, өзінің соңынан ерте алған биліктің арқасында тәуелсіздігіміз дамыды, Қазақстанды әлем таныды. Құқықтық мемлекеттің қадамын нақтылайтын жаңа заңдар қолданысқа енгізілді.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заң ел дамуының басты бағытын айқындап берді. Конституцияның қабылдануына бүкіл халықтың белсене қатысуы – Тәуелсіздікті ұлықтауға, егемен елдің еңсесін тіктеуге тілекшілердің көптігін көрсетті. Елбасы егемендікті алған сәттен бастап тәуелсіз сот, қуатты құқық қорғау органдарын құруды басты бағдар етті. Оны Елбасы Н.Назарбаевтың әр жылдары айтқан «Халықтың сотқа сенімі мемлекетке деген сеніммен бара-бар», «Сот кадрларының сапасы, олардың мүлдем басқа әдістерді талап ететін заманауи экономикалық жағдайларға әзірлігі және бейімделуі – маңызды мәселелердің бірі. Құқықтық сауаты жоқ судьялар бізге реформа жүргізуге көмектесе алмайды. Судьялар құзыреттіліктің, адалдықтың, әділеттілік пен әдептіліктің үлгісі болуға тиіс», – деген міндеттемесінен анық аңғаруға болады.

Сот саласын жаңғырту, сотқа қатысты азаматтар жазған арыз-шағымдарды зерделеу тақырыбы Мемлекет басшысының назарынан тыс қалған емес. Осы күнге дейін қолға алынған бастамалар өз тамырын қарапайым халықтың талап-тілегінен, пікір-лебізінен алған. Жолдауларда айтылған ескертпе, тапсырмалардың дені халық ұстанымымен



өзектес. Ең алдымен ол еліміздің Ата Заңы – Конституцияда көрініс тапты. Бас құжатта судьяларға ерекше мәртебе берілген. Мәселен, Ата Заңның 75-бабында «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот ғана жүзеге асырады» деп әділдік пен төрелік айту тек соттың құзырында екені нақтыланса, 77-бапта: «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз әрі тек Конституция мен заңға ғана бағынады», «Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын бөгде күштің араласуына жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді» деп судьялар қызметін заңдық тұрғыдан биіктеткен.

Сот жүйесінің беделін көтеріп, судьялардың тәуелсіздігін нығайтуға қатысты жұмыстар мұнымен шектелмейді. 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жаңғыртудың бас-

ты тұғыры болды. Бұл заң сот саласын жаңа биікке көтерді. Осы құжатты негіз ете отырып судьялардың әлеуметтік жағдайын шешуге, сот қызметінің материалдық-техникалық жағынан толық қамтылуына қол жеткізілді. Судьялардың тәуелсіздігі нығайды, кепілдіктер айқындалды. Судьялар материалдық-техникалық мәселелерге алаңдамай еңбек етуі үшін соттардың қызметін қамтамасыз ету функциялары Жоғарғы Сот жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментіне берілді.

Отыз жыл ішінде сот саласы дамыды, түрленді. Бүгінде саладағы көп қызметтер онлайн жүзеге асады. Судьялардың жүктемесін жеңілдету, сот ашықтығын қамтамасыз ету, сот корпусына лайықты үміткерлерді іріктеу бағытындағы іс-шаралар да оң нәтижесін берді. Алдағы уақытта да осындай игі істер жалғасын таба береріне сенеміз.

С.БАЙБОЛОВ,
Жетісу аудандық №2 сотының төрағасы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН САҚТАУ КЕПІЛІ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс – қоғамға бетбұрыс әкелген заң. Заң жария-құқықтық қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін әкімшілік органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғаудың құралы болып табылады.



ӘРПК-нің қабылдануымен мемлекеттік органдарда ішкі әкімшілік рәсімдердің өзгеруіне байланысты азаматтардың өз мүддесін тиімдірек қорғауына, азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік органдарда жолданымдарын қарау тәртібін нақты айқындауға жол ашылды. Ал әкімшілік орган мен лауазымды адамдардың заң шеңберіндегі әрекеттері халықтың мемлекетке деген сенімін арттыруына алып келеді.

Кодекс бірыңғай заңнамалық актіде Әкімшілік рәсімдер мен қоғамдық құқықтық қатынастар саласындағы сот ісін жүзеге асырудың құқықтық негізін, қағидатын, ережесін белгілейді. ӘРПК – бұл сот ісін жүргізудің төртінші түрі. Осыған байланысты, елімізде жаңадан құрылған әкімшілік соттар жария-құқықтық қатынастардан туындай-

тын дауларды ерекше қарайтын болады.

Әкімшілік әділет институты Қазақстан Республикасында іске асырылатын жаңа және ауқымды жоба болып табылады. Әкімшілік сот ісін жүргізудің басты қағидаты, ол соттың белсенді рөлі болып табылады. Жаңа кодекс мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін бермек. Әкімшілік процестің жаңашылдықтарына талап қою түрлері, сот талқылауының шектері және сот бақылауы да жатады. Әкімшілік сот өз шешімдерінің орындалуына қатаң бақылау жасайды. Жаңадан қабылданған кодекс азаматтардың құқығын сапалы қорғап, заң үстемдігін сақтаудың кепілі болмақ.

Н.ГУБАШЕВ
Орал қалалық мамандандырылған
тергеу сотының төрағасы

МЕЖЕ

МІНДЕТ МІНСІЗ ОРЫНДАЛУЫ КЕРЕК

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы тұсында барлық сала үшін дамудың жаңа мүмкіндіктері қарастырылуда. Себебі, әр саладағы терең және қарқынды өзгерістер бүгінгі заманда даму үшін де, бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін де маңызды.

Еліміздің жеткен жетістігі жеткілікті, атқарылып жатқан, қолға алынған реформалар да осал емес. Соның ішінде, қылмыстық жазаны ізгілендіру, заңнамаларды жетілдіру ісінде ілгерілеу бар. Қылмыстық істерді қарауда озық елдердің тәжірибесі назарға алынған. Қылмыстық процесті модернизациялаудың ауқымды жобасы жүзеге асуда.

Азаматтар құқығының қорғалу деңгейін арттыру үшін қамау шаралары қолданылмайтын негіздердің тізімі, әсіресе, кәсіпкерлік қызмет саласындағы қылмыстар бойынша кеңейтілді. Тергеу органдары тапсырған күдіктілерді жөн-жосықсыз қамай беру тыйылып, бұлтартпау шараларының саны қысқарды. Қылмыстық процестегі бұл жетістік ең алдымен, азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету болса, екіншіден, түрмедегі адамдар санын азайтып, мемлекетке артылатын салмақты жеңілдетуге бағытталды.

Әлем елдері арасында жүргізілетін рейтингте ашық үкімет орнату, сөз бостан-

дығы мен азаматтардың құқығын қорғау, сот тәуелсіздігі, жемқорлық көрінісі сияқты өлшемдер ескеріледі. Өкінішке орай, жемқорлық салдарынан көп елдердің экономикасынан миллиардтаған қаражат жымқырылып, жеке қалтаға түсуі елді дамытудың орнына кері тартуда. Біздің елде қоғамның жегі құртына айналған жемқорлық үшін жауаптылық едәуір күшейтілді. Қылмыстық кодексте пара алғаны үшін қызметі мен көлеміне қарай мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның 50-80 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 3-15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатыны көрсетілген. Пара берген де, парақорлыққа делдал болған адам да ауыр жазаға тартылады.

ТМД елдері ішінде Қазақстан тұңғыш рет «Сыбайлас жемқорлықпен күрес» туралы заң қабылдады. Қазір республикамызда сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оған тосқауыл қою үшін мамандандырылған ұйымдар іске қосылып, түрлі қоғамдық кеңестер арнайы жұмыс жүргізуде. Оның үстіне ақпарат пен технологияның дамыған заманында заңсыз әрекет жасаған адамды анықтау немесе оның әрекетін әшкерелеу

қиынға соқпайды. Нәтижесінде соңғы жылдары сыбайлас жемқорлыққа жол бергендер шетінен ұсталып, едәуір тосқауыл қойылып келеді.

Жыл сайын мемлекет алдына қойылып отырған міндет жүгі ауырлай түседі. Себебі, ақпарат ғасырындағы даму осыны талап етеді. Қоғамның жегіқұртымен күресті бір сәтке де назардан тыс қалдырмаған сот билігі жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар бойынша тағайындалған үкімдердің орындалуын қатаң бақылауда. Сонымен қатар, ішкі жұмыста жемқорлықтың алдын алу мақсатында барлық шаралар қолданылған.

Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов соттардың алдында басты үш міндет тұрғанын айтты. Біріншіден, жемқорлыққа жол бермеу. Екіншіден, соттарда халыққа ыңғайлы жағдай жасап, сыпайы қарым-қатынас орнату. Үшіншіден, халықтың сенімін арттыру. Осы арқылы біз сот билігінің ғана емес, жалпы биліктің беделін арттырамыз. Бұл – мәселе тудырған жағдайларды реттеудің төте жолы. Ендеш қойылған міндет орындалуы керек.

Гүлмаржан ӘДІЛСҰЛТАНИ,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ПІКІР

ЖЕР ТАҒДЫРЫ –
ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Тәуелсіз ел үшін жерден қадірлі, жерден қасиетті құндылық жоқ. Міне сондықтан да тәуелсіздік алғандағы алғашқы қадамымыз көршілермен арадағы шекарамызды нақтылап, жерімізді заңдастырудан басталды. Отандық заңнамалар базасы жасалған кезде де алдымен жер заңнамасын түзуге басымдық берілгені белгілі.

Жер қатынастарын реттейтін құқықтық құжаттардың тарихы тереңде. Жерді пайдалану мен қорғауға, жерді жеке меншікке және жер пайдалану құқығына беруге байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу үшін құқық нормаларының жиынтығы сауатты, сапалы жасалуы керек. Осыған орай жермен байланысты іс әрекеттер алдымен 2001 жылғы 24 қаңтарда қабылданған «Жер туралы» Қазақстан Республикасының заңы шеңберінде жүзеге асырылған еді. Ал 2003 жылғы 20 маусымда Жер кодексінің тәжірибеге енгізілуімен жер қатынастарын одан әрі дамыту мен жетілдіру, жерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу бойынша нақты қадамдар жасалды. Жалпы, қоғам алға ілгерілеген сайын заңнамаларды жетілдіріп, толықтырып отыру заман талабы. Осы қажеттілікке орай, бұл маңызды құжат та азаматтар игілігіне қызмет етіп келеді. 2020 жылғы 29 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ахуалды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының қабылдануы да жерге



байланысты көрсетілетін қызметті барынша оңтайландыруға ықпал етті. Мәселен, осы құжатқа орай жер учаскесін алу мерзімі 2 айдан 15 жұмыс күніне дейін қысқартылды. Сондай-ақ, белгілі бір дәрежеде жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту процесі де барынша оңтайландырылып отыр. Әсіресе, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту үшін төленетін төлемакыны енді 10 жыл ішінде бөліп төлеуге болатыны қарапайым азаматтар үшін үлкен қолдау екені ақиқат.

Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге берілген өтініштерді қарау мерзімі күнтізбелік 30 күннен 13 жұмыс күніне дейін қысқартылды. Бұдан басқа, құрылыс мақсаттары үшін жер учаскесін беру кезінде ең аз жалдау мерзімі 3 жыл болып белгіленді. Сауда-саттық, аукциондар, конкурстар арқылы іске асырылатын жер учаскесін беру процесінде ЖАО-ның шешім қабылдау қажеттілігі алып тасталды. Осылайша, жер комиссиясының хаттамасынан кейін бірден жерді жалға алу/сату туралы келісім жасалады.

Өкінішке орай, азаматтар заңнамада осындай жағымды өзгерістердің барынан бейхабар. Занды білмегендіктен өзіне тиесілі құжатты дер кезінде қолына ала алмайтындар аз емес. Ал жерге байланысты игіліктерді білгеннен кейін құзырлы орындардың әрекетсіздігіне өкпе-реніштерін білдіріп жатады. Азаматтар құзырлы орындармен соттасып, уақытын кетірмес үшін жаңа заңдарды, заңнамадағы өзгерістер мен толықтыруларды үнемі таныстырып, түсіндіріп отыру керек. Құқықтық мемлекетте азаматтар құқықтық сауатының төмендігінен зардап шекпегені жөн.

Гүлім МҰҚАНОВА,
Алматы қалалық мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

БАСТАМА

Электрондық жүйенің
артықшылығы мол

Қазіргі заманауи инновациялық технологияларды енгізу арқылы қылмыстық істі электрондық форматта қарау ыңғайлы және сенімді. Еліміздің 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында қылмыстық сот өндірісінің электрондық форматқа кезең-кезеңмен көшуі туралы айтылған.

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында атқарылған жұмыстар ауқымды. «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінің негізінде «Төрелік» ақпараттық жүйесімен үйлестірілген электронды қылмыстық іс модулі әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Бұл қылмыстық сот өндірісінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға зор үлесін қосады.

Жыл басынан бері Бөкей ордасы аудандық сотында барлығы 26 қылмыстық іс қаралса, оның ішінде 18 қылмыстық іс электронды форматта қаралды.

Электронды қылмыстық іс жүргізуде мұндай жаңалықтарды енгізу жұмысты жеңілдетеді және қазірдің өзінде жақсы нәтижелер көрсетуде.

Жандос ҚАНАТУЛЫ,
Бөкей ордасы аудандық соты сот мәжілісінің хатшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан жалпы көлемі 7780 шақырымды құрайтын бұл дәліздің 2780 шақырымын алдымен салып, қолданысқа берді. Бұл Қорғастан Орынборға дейінгі аумақты алып жатыр. Дәлізді одан әрі Ресей жалғастыруда. Бұл да үлкен саясат. Біз осы арқылы өзіміздің іскерлігімізді көрсеттік. Соның арқасында сауда-саттық еркін жүріп, барыс-келіс артып, өндіріске жаңа технология келіп, экономика дамыды. Қаншама жанар май станциялары, демалыс орындары ашылып жатыр. Олардың да дәрежелері бар. Бұрынғыдай тауықтың ұясы сияқты емес, жол бойында зәулім қонақ үйлер, демалыс орындары қолданысқа берілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың қыркүйек айында жасаған жолдауында Қазақстанның жолдарын халықаралық деңгейге жеткізу керектігі айрықша атап өтті. Бұл жалпы ұзындығы 24800 шақырым жол. Соның бүгінгі таңда 13800 шақырымы сақадай сай болса, қалғаны жөндеуді күтіп тұр. Қысқа мерзімде, яғни, 2025 жылға дейін осы жұмыс аяқталу керек.

Бағлан БАЙМАҒАМБЕТ,
Қазақстанның Автожолшылар қауымдастығының төрағасы:

«ЖОЛ – ЭКОНОМИКАНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ»

Бүгінгі таңда мердігер компаниялар стратегиялық маңызы зор бұл міндетті орындауға күш салып жатыр. Қазір жол бойында сағатына 12000 тонна өнім шығаратын 58 асфальт зауыты іске қосылған. Барлығы 200 мыңға жуық адам осы іске атсалысуда.

«Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша Нұр-Сұлтаннан бастап, батысқа, шығысқа, оңтүстікке, солтүстікке апаратын жол құрылысы бойынша жобалар бар. Солардың аясында Қазақстан бойынша сапасы жоғары жолдар салынып жатыр. Қарағанды–Балқаш, одан соң Алматыға дейін төрт жолақты бірінші санаттағы жолдар іске қосылатын болады. Оның ішінде тас жолмен қатар бетон жолдар да бар. Олардың ұзындығы мың шақырымға дейін созылады. Мұндай жолдар бізден экономикасы едәуір алда Ресей Федерациясында жоқ. Омск облысында бар еді, бірақ олар қопарылып кетті де қайта салу мүмкін болмады. Көршілерден бетон жол тек Қырғызстанда бар.

Жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орындамыз ғой. Елді мекендер арасы ұзақ біздің елге бетоннан гөрі асфальт бетон тиімді. Бүгінде осы жолдардың бір шетін халық пайдаланып, қызығын көріп жатыр. Мысалы, Нұр-Сұлтан–Бурабай, Павлодар–Қарағанды жолдарының ешқайсысы шетел жолдарынан кем емес. Өзіміздің мердігер компаниялар бүгінде жол салудың қыр-сырын әбден игеріп, бұл жұмысты ойдағыдай жүзеге асыруда. Әрине, індет туғызған қиындық жолшыларды айналып өткен жоқ. Көп жерде жұмыс тоқтап қалды. Десе де жол құрылысына мемлекет тарапынан қолдаудың жүйелілігі бұл саланы едәуір алға жылжытып келеді. Мұны айтуымыз керек.

– **Жолдардың сапалы салынып жатқанын айттыңыз. Бұған қалай кепілдік бере аласыз?**

– Жол құрылысы бойынша жүзеге асырылып жатқан жобалар үнемі бақылануда. Мұны арнайы құрылған Жол активтерінің сапа орталықтары қамтамасыз етеді. Бұрын бұл іс әрбір мердігердің шағын лабораториясында атқарылатын. Қазір орталықтың әрбір облыста филиалы бар. Олар зерттеу, бақылау жұмыстарын жүргізіп отырады. Республикалық жол ма, жергілікті жол ма, айырмашылық жоқ. Кемшілік болса ескертіп, түзетуге болатынын оңдап, қиюны келмейтіндерді мүлде өткізбей қатты бақылауға алып отыр. Бұл өте қажет, себебі төрт аяқты жылқы да сүрінеді, адам болғасын кейбіреулер жауапкершілікпен, ал кейбіреулер немқұрайды қарайды. Сондықтан, бақылау жіті болу керек. Қазіргі таңда бұл шара бес деңгейде жүргізіледі. Олар авторлық, жобалық, техникалық қадағалау, инженерлік және арнайы комиссия бақылаулары. Мұны жүзеге асыру үшін де ұйымдар тендерге қатысып, білік-



тіліктері, материалдық базасы, кадрлық құрамы бойынша қатаң іріктеуден өтеді. Соның арқасында бұрын тек тапсырыс алушы ғана жауапкершілік арқалайтын болса, қазір енді бақылауға қатысатындардың барлығы жол сапасына мүдделі болады. Яғни, мердігерге де, тексерушіге де, бақылаушыға да бірдей жауапкершілік жүктеледі.

– **Жол құрылысы – күрделі процесс. Тау-тасты, ойлы-қырлы жерімізде жол салу ісін жобалау, құрылысын жүргізу мамандардың үлкен дайындығын қажет ететіні бексенеден белгілі. Бізде жол саласында мамандардан кемшілдік жоқ па?**

– Мен республикалық Жол активтері сапа орталығы жанындағы комиссияның мүшесімін. Осы ұйым жол құрылысы бойынша арнайы білімі бар, тәжірибелі мамандарды сынақтан өткізіп, іріктейді. Үміткерлер ессе жазады, мамандықтарына қатысты сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындап, кәсіби біліктіліктерін көрсетеді. Қазір мамандардың дені өз еліміздің азаматтары. Уақытында Германия, Италия, Түркия сияқты елдерден келіп, жұмыс жасағандар болды. Олардың зияны тиген жоқ. Жол салу ісіндегі көптеген технологияларды үйреніп, өндіріске енгіздік.

– **Маман дайындау жағым қалай?**

– Бұл тұрғыда шешімін күткен мәселелер бар. Жол активтері сапа орталығы мен Автомобилистер одағы өзара ақылдасып, Назарбаев университетінде жол құрылыс мамандарын дайындайтын бір факультет ашылғанын дұрыс көріп отырмыз. Бұл оқу орнының оған әлеуеті жетеді. Өкінішке орай, Шығыс Қазақстандағы Жол құрылысы институты, кейбір оқу орындарындағы жол құрылысы факультеттері жабылып жатыр. Бұған тосқауыл қойылу керек. Өйткені, мамандар дайындау тоқтаса жолды, көпірлерді кім салады? Кездейсоқ адамдар бұл іспен айналыса алмайды. Мысалы көпір салудың үлкен жауапкершілігі бар. Ол стратегиялық нысан. Жаман айтапай жақсы жоқ, төтенше жағдай болса бүкіл техника соның үстімен жүру керек. Кәсіптік-техникалық арнайы оқу орындары ашылу керек. Қазір ойымыз жол ма, жергілікті жол ма, айырмашылық жоқ. Кемшілік болса ескертіп, түзетуге болатынын оңдап, қиюны келмейтіндерді мүлде өткізбей қатты бақылауға алып отыр. Бұл өте қажет, себебі төрт аяқты жылқы да сүрінеді, адам болғасын кейбіреулер жауапкершілікпен, ал кейбіреулер немқұрайды қарайды. Сондықтан, бақылау жіті болу керек. Қазіргі таңда бұл шара бес деңгейде жүргізіледі. Олар авторлық, жобалық, техникалық қадағалау, инженерлік және арнайы комиссия бақылаулары. Мұны жүзеге асыру үшін де ұйымдар тендерге қатысып, білік-

– **Жол салуда қай жақтың құрылыс материалдары пайдаланылып жатыр?**

– Негізінен елімізде жол құрылысына қажетті құрылыс материалдарының бәрі бар. Өйткені, жеріміз тау-тасты.

Тек Қызылорда, Атырау, Батыс Қазақстан, Орал облыстарында тас жоқ. Қалған облыстардың барлығында да керекті материалдар бар. Шетелден, яғни, Башкириядан бұрын битум алатынбыз. Қазір шүкір Қазақстанда төрт битум зауыты бар.

– **Жалпы соңғы кездері жолдарды жеңі су шайып кетіп жатады. Мұның себебі неде?**

– Қала жолдарының бүлінуі суағарлар жоқтығының салдары. Бұл бірінші себеп. Жолдың арасына кіріп кеткен су күн қызған кезде асфальтты көтеріп жібереді. Ой-шұңқыр содан пайда болады. Үлкен дәліздер суағарлары болғандықтан төзімді болады. Салмағы сәйкес келмейтін техника өтіп, тесіп кетпесе, олар суға шайыла қоймайды. Жолдың жай-күйін бақылайтын арнайы құрылым ауыр машиналардың жүруіне тосқауыл қою керек. Біздің жолдардың беріктігі 13 тоннаға есептелген. Биіктігі бұрын қырық, елу сантиметр болса, қазір 1 метрден асады.

– **Ақылы жолдар енгізілді. Бұл қаншалықты дұрыс шешім болды?**

– Республиканың жолдарын күтіп ұстау үшін кем дегенде 50 млрд теңге керек. Бұл қыруар ақшаны қайдан табамыз? Сол себептен ақылы жолдарды енгіздік. Қажет қаржының 50 пайыздан астамын содан түсіреміз. Мысалы, Нұр-Сұлтан – Щучинск трассасы еліміздегі бірінші ақылы жол. Ақылы болғанына сегіз жыл болды. Бүгінде өзін-өзі ақтап отыр. Одан түскен қаржымен бүлінген жолға жөндеу жасалып, жаңартылады. Қысы-жазы күтімді үзіліссіз қамтамасыз етіліп отыр. Бұл жерде біз бюджетке салмақ салмауымыз керек. Ақылы жол қажет. Нашар жолға ақы енгізілмейді. Тек қана сапалы жолдарға ақы енгізіледі. Бұл әлемдік тәжірибе.

– **Сіз басқаратын қауымдастық жол салу ісінде қаншалықты рөл ойнайды?**

– Біздің қауымдастыққа 31 мекеме кіреді. Штатымыз көп емес, бар болғаны төрт-бес адамбыз. Мүшелікке кірген мекемелердің мұқтажын жоқтайтын, олардың арыздарын министрлікке, үкімет басшылығына жеткізетін бірден-бір ұйым біз болып отырмыз. Мердігер өзінің жұмысымен айналыс-са, қауымдастық олардың өзекті мәселелерін шешуге атсалысады. Қыстың қақаған аязында, жаздың ми қайнатар ыстығында елсіз жерде жүріп жол салу оңай емес. Бұл үлкен төзімді шындайды, сүйіспеншілікті қажет етеді. Сондықтан, қай уақытта да қазақ жолшыларды қастерлеп, «жол салған жұмаққа барарды» деген. Жолдың бойында ант берген. Сондықтан жолшыларға құрметпен қарап, оларға жөнсіз кір жақпай, еңбегін бағалай білуіміз керек.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БІЛГЕН ЖӨН

ЖАЛА ЖАБУДЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Жала жабу деп – адамның сыртынан оның арнамысы мен қадір қасиетне нұқсан келтіретін, абыройын түсіретін жағдан мәлімет таратуды айтамыз. Салдарынан жақын адамдар бір-бірімен араздасып, арадағы достық қарым-қатынастары қастыққа айналады, адамдарға нақақтан күйе жағылып, байланыс әлсірейді. Халық даналығында «Жалада шындық болмайды», «Қаңқу сөздің қоспасы көп», «Аяғы жаман төрді былғар, аузы жаман өлді былғар» деген сияқты мақал-мәтелдер көп.

Жала жабудың жауаптылығы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-3-бабында көрсетілгендей, жеке тұлғаға 160 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамға 550 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не жиырма тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Ал көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын, телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет үшін – жеке тұлғаға 180 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға немесе жиырма тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамға 650 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не 25 тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. 73-3-баптың бірінші немесе екінші

бөліктерінде көзделген, адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан іс-әрекеттер – жеке тұлғаға 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға немесе 25 тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамға 750 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

«Ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман» дегендей, дәлелсіз айтылған жала сөз қаңқу сөзге жатқызылады. Сондықтан, әр адам сөйлемес бұрын, онда қандай пайда не зиян бар екендігін ойлап барып сөйлеген жөн.

Гүлдерайым ӘБДІҒАЛИҚЫЗЫ,
Жаңақала аудандық сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

СОТ ОТЫРЫСЫНДА – ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Қазір өңірдегі сот мәжіліс залдарының барлығы толықтай заманауи құрылғылармен жабдықталған. Соның арқасында қағазбастылық азайып, құжат айналымы қысқарып отыр. Бұл Ұлт жоспарының орындалған 20-нақты қадамы.



Бүгінде барлық сот залдарында бейнекамера орнатылған. Бұл кез келген сот отырысының ашық, әрі барынша әділ өтуіне ықпал етеді. Ал, бейне және дыбыстық таспаға жазуды тоқтатуға, материалдарды редакциялауға ешкімнің құқығы жоқ. Жазылған және түсірілген материал бірден Жоғарғы Соттың серверіне түседі. Кейін дискіге жазылып, іс папкасына тігіледі. Бұл жұмысты оңтайландырып, еңбек өнімділігін арттырды. Ұлт жоспарында көрсетілген 20-нақты қадамның орындалуы сот мәжілісінде судьялардың да, сотқа қауысшылардың да тәртіп сақтауына ықпалын тигізді. Сот процесі аяқталысымен, сот отырысын толық көріп шығуға болады. Айта кету керек, қазір бейнебайланыс арқылы онлайн режимде сот мәжілісіне қатысып, сот төрелігін қашықтан жүзеге асыру мүмкіндігі бар. Бейнеконференция байланысын пайдаланудағы негізгі мақсат процессуалдық істерді қарау мерзімдерін сақтау және азайту, сонымен бірге талапкер не олардың жақтастары, куәгерлер, эксперттер, мамандар, аудармашылар белгілі бір себептермен сот отырысына келе алмауына байланысты бейнеконференция байланысымен қатысуы мүмкіндігі туады. Бұл өз кезегінде азаматтардың уақыты мен жолға кететін қаражатын үнемдеп, жемқорлыққа жол бермеуіне септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басшысының бұйрығымен бекітілген «Сот отырысының барысын түсіріп алуды қамтамасыз ететін дыбыс-бейнежазба құралдарын техникалық қолдану, дыбыс-бейнежазбаны сақтау және жою, жазбаға қол жеткізу туралы» қағидаларына сай сот отырыстарын бейнежазбаға түсіру сот талқылауы барысын дәл тіркеу үшін сот ісін жүргізу мақсатында, сондай-ақ, азаматтық, қылмыстық сот ісін жүргізуде, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде немесе тәртіптік іс бойынша іс жүргізу шеңберінде нақты деректерді белгілеу мақсатында пайдаланылады. Сот отырысында озық технологияларды қолдану тараптардың сотқа деген сенімін арттыра түседі, сонымен қатар, олардың өздерін сотта дұрыс, мәдениетті ұстауына ықпал етеді. Тараптардың өтініші бойынша сот отырысының жазбасымен сотта танысу мүмкіндігі бар немесе сот отырысы дыбыс-бейнежазбасының көшірмесін сотқа өтінішхат келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде береді.

Қуаныш ЖУМИН,
Орал қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

ПАЙЫМ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІ
КЕҢЕЙТКЕН ҚҰЖАТ

Жаңа кодекс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру бағытында қабылданған болатын. Айтып өтетін нәрсе, Президент Қазақстан халқына жолдауында билік органдарының шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағымдану кезінде азаматтар тең емес жағдайда екенін, өйткені олардың мүмкіндіктері мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейтінін атап өткен болатын. Осы бір олқылықтың орнын толтыру мақсатында қолға алынған құжат мемлекеттік басқару процесінің ашықтығын қамтамасыз етіп, мемлекеттік аппарат пен қатардағы азаматтарды теңестіруге мүмкіндік береді.

ЭРПК-тің басты ерекшелігі – қазіргі кезде сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қалмайды. Сонымен бірге, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Осы заң аясында судьяға жаңа өкілеттіктер мен құқықтар берілді. Яғни, судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын негіздемелер бойынша өзінің алдын ала пікірін айтуға құқылы болды. Бұрынғы заң бойынша судьяға ондай құқық берілмейтін.

Тағы бір ерекшелігі, сот өз бастамасымен немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинай алады. Сонымен қатар, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

ЭРПК жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын әділ, бейтарап және уақытылы шешетініне сенім мол. Осы орайда заңнаманың талабына сай, кодекс 6 принциптік қағидаттар негізінде заңдылықты, әділеттілікті, сенім



құқығын қорғауды, мөлшерлестікті, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу және соттардың белсенді рөлі арқылы жеке және заңды тұлғалардың жария-құқықтық қатынастарын алдағы уақытта тиімді реттейді деп күтілуде.

Кодекс жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыруды, жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізуді, тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз етуді, жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайтуды қамтамасыз етеді. Кодекске сәйкес, дәлелдеу ауыртпалығы әкімшілік актіні немесе сұралып отырған әрекетті жасаудан бас тартуға негіз болған фактілерді шығарған әкімшілік органға жүктелетіні өте маңызды. Бұл ретте жария дауларды сотқа дейін реттеу мүмкіндігі көзделген. Яғни, азаматтар мен заңды тұлғаларға жария дауды реттеу үшін жоғары тұрған әкімшілік органға шағыммен жүгіну жеткілікті.

Сонымен қоса, қазіргі таңда тараптарды тату-

ластыруға жоғары мән беріліп жатқаны белгілі. Қолданысқа енгеніне көп бола қоймаса да онда татуластыру рәсімдері кеңінен қолданылады. Та-туласу, медиация немесе партисипативтік рәсім бойынша жасалған келісім не оның шарттары заңға қайшы келген жағдайда, сот оны бекітпей тастайды. Сондай-ақ, адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын келісімдерге де жол берілмейді.

Заң тараптардың өзара келісімге келуін, бір-бірімен татуласуын басты шарт ретінде қарастырады. Кодекс қазірдің өзінде тиімділігін көрсетуде. Әсіресе, қорғаушы жалдап, көп шығын шығаруға мүмкіндігі бола бермейтін жеке кәсіпкерлер мен азаматтар үшін тиімді үрдіс қалыптастыруда деп айтуға болады. Бұл мысалдар жаңа заңның гуманитарлық бағытын, заңнаманы одан әрі ізгілендіру ісінің нәтижелі жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, жаңа кодекс жанаша ерекшеліктерге толы деп атап кетуге болады.

С.АЯПОВ,
Батыс Қазақстан облысы
Жәнібек аудандық сотының судьясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ОҢАЙЛАТЫЛҒАН
ӘКІМШІЛІК
РӘСІМ

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін-де көрсетілгендей, әкімшілік рәсім дегеніміз – әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызметі, сондай-ақ, оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет.

Оңайлатылған әкімшілік рәсімдерге – хабарламаларды, ұсыныстарды, үн қосуларды және сұрау салуларды қарау жатады.

Оңайлатылған әкімшілік рәсімді мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға және олардың лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Әкімшілік істі оңайлатылған әкімшілік рәсімде қарау қорытындылары бойынша мынадай шешімдер қабылданады:

- 1) жауап, оның ішінде хабардың, ұсыныстың, үн қосудың, сұрау салудың мәні бойынша ақпарат беру;
- 2) назарға алу;
- 3) оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтату.

Оңайлатылған әкімшілік рәсім келесі жағдайлар-да тоқтатылуға жатады:

1) қайталама хабарламаларда, ұсыныстарда, үн қосуларда, сұрау салуларда жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлар келтірілмесе, ал алдыңғы хабарламаның, ұсыныстың, үн қосудың, сұрау салудың материалдарында тексерудің қажетті материалдары болса және арыз иесіне белгіленген тәртіппен жауаптар берілсе;

2) хабарламаның, ұсыныстың, үн қосудың, сұрау салудың авторын анықтау мүмкін болмаса, арыз иесінің қолтаңбасы, оның ішінде электрон-дық цифрлық қолтаңбасы, пошталық мекенжайы болмаса,

3) хабарламада, ұсыныста, үн қосуда, сұрау салу-да мәселенің мәні баяндалмаса.

Оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімді хабарламаны, ұсынысты, үн қосуды, сұрау салуды қарайтын субъектінің басшысы немесе оның орынбасары қабылдайды.

Оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімге Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Г.МЕКЕМБАЙ,
Түркістан облыстық мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

БРИФИНГ

ТӨРЕЛІК
АЛАҢЫНДАҒЫ
ІЗДЕНІСТЕР



Қорғалжын аудандық сотының төрағасы Д.Темірханов 2021 жылдың 10 айының қорытындылары бойынша он-лайн форматта брифинг өткізді. Оған, «Нұр Қорғалжын» аудандық газетінің бас редакторы және Қорғалжын аудан-дық әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің өкілі қатысты.

Брифинг барысында сот төрағасы сот төрелігін жүзеге асырудағы 2021 жылдың 10 айы бойынша статистикалық мәліметтерді жария-лады. Атап айтқанда: қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша 2020 жылдың 10 айының көрсеткіштерімен салыстырулар жасады.

Қорғалжын аудандық сотында 2021 жылдың 10 айында 9 қылмыс-тық іс қаралды.

Сотпен азаматтық істер бойынша 72 іс қаралып, оның ішінде 7 іс медиацияны қолданумен тоқтатылды, 20 іс оңайлатылған тәртіппен, 5 іс бұйрық шығарумен және 47 іс шешім шығарумен қаралды. Сон-дай-ақ, 7 жекеше ұйғарым шығарылып, сонымен қатар, 88 әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қаралды. Сот қауылыларымен 81 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға келесі жазалар тағайындалды: 34 әкімшілік айыппұл, 46 әкімшілік қамаққа алу, 7 азаматқа қатысты іс тараптардың татуласуына байланысты медиация тәртібімен қысқартылды. Әкімшілік істер бойынша 2 жекеше қаулы шығарылды.

Б.ИЗАХМЕТОВ,
Қорғалжын аудандық сотының кенсе меңгерушісі
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

КӨКЖИЕК

ШАҚЫРТУҒА
ШЕКЕДЕН ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

2021 жылдың 1 шілдесінен бері қолда-нысқа енгізілген Қазақстан Республикасы-ның жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 113-бабына сай, сотқа келіп түскен әкімшілік істерді сот өндірісіне қабылдағаннан кейін, сот отырысының хатшысы әкімшілік іске қатысушы тарап-тарды істі сот талқылауына тағайындауға, мәселені алдын ала тыңдауға тағайындау өткізілетін уақыт пен орыннан хабардар етеді.

Әкімшілік процеске қатысушыларға істің қаралатын немесе жекелеген про-цестік әрекеттердің жасалатын уақыты мен орны туралы хабарланады және тиісті ұйғарым шығарылған күннен бастап не сот талқыланатын күн тағайындалған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей хабарламалармен (хабархаттармен) сотқа шақырылады.

Хабарлама (хабархат) телефонограмма-мен, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе электрондық мекенжай бойынша мәтіндік хабармен, жеделхатпен немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен не хабархаттың неме-се шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамта-масыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.

Егер әкімшілік істе көрсетілген мекен-жай бойынша адам іс жүзінде тұрмаса, ха-барлама (хабархат) оның заңды мекенжайы бойынша немесе жұмыс орны бойынша жіберілуі мүмкін. Заңды тұлғаға арналған хабарлама (хабархат) оның тіркелген орны және (немесе) нақты орналасқан жері бой-ынша жіберіледі.

1) хабарланатын адам әкімшілік іс бой-ынша іс жүргізу процесінде көрсеткен және өзінің қолтаңбасымен растаған ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе электрондық мекенжай бойынша мәтіндік хабар жіберіледі

2) адамның өзіне жеке немесе онымен бірге тұратын кәмелетке толған отбасы

мүшелерінің біріне табыс етілгені туралы жіберушіге қайтарылуға жататын хабар-ламаға қолын қойғызып табыс етілетін жеделхатпен, тапсырыс хатпен хабарланған жағдайларда тиісті түрде жеткізілген болып есептеледі.

Заңды тұлғаға арналған хабарлама (ха-бархат) заңды тұлғаның басшысына немесе жұмыскеріне табыс етіледі, ол өзінің тегін, аты-жөні мен лауазымын көрсете отырып, табыс етілгені туралы хабарламада (ха-бархатта) хабархатты алғаны жөнінде қол қояды;

Кез келген басқа хабарлама (хабар-хат) процестік әрекеттерді жүргізу және шешімдер қабылдау үшін жеткілікті деп есептелмейді.

Әкімшілік процеске қатысатын адамдар процестік және өзге де құжатта әкімшілік іс бойынша іс жүргізу барысында өзі бұрын ерікті түрде көрсеткен тұрғылықты жері (орналасқан жері) мекенжайының, жұмыс орнының, ұялы байланыстың абоненттік нөмірінің, электрондық мекенжайының анық екендігімен танысқанын өз қолтаң-басымен растайды, ал көрсетілген контак-тілерге (мекенжайға) жіберілген хабарлама (хабархат) тиісінше және жеткілікті деп есептелетін болады.

Адресат хабарламаны (хабархатты) қа-былдаудан бас тартқан кезде оны жеткізуші немесе табыс етуші адам хабарламаға (хабархатқа) тиісті белгі соғады, ол сотқа қайтарылады. Сот мұндай хабарламаны (хабархатты) тиісінше жеткізілді деп есеп-теуге құқылы.

Хабархатта (хабарламада) мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) соттың атауы мен дәл мекенжайы;
- 2) сот отырысы немесе жекелеген про-цестік әрекет өткізілетін уақыт және орын;
- 3) адресатқа хабарланатын әкімшілік істің атауы;
- 4) сотқа шақырылатын немесе хабар-ланатын адамды (тегін, атын, әкесінің атын

(егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және адамның тұрғылықты жерін көрсету не хабарлама (хабархат) жолданған органның немесе заңды тұлға-ның атауы және оның орналасқан жері, сондай-ақ, әкімшілік іс бойынша мәртебесі;

5) шақырылып немесе хабарланып отырған адам қандай әрекеттерді және қандай мерзімде жасауға құқылы немесе міндетті екенін көрсету;

6) адресаттың болмауына байланысты хабархатты (хабарламаны) қабылдаған адамның алғашқы мүмкіндік болған кезде оны адресатқа табыс ету міндетін көрсету;

7) сотқа келмеудің салдары мен келмеу себептерін сотқа хабарлау міндетін көрсету;

8) хабарламаны (хабархатты) жіберген адамның қолы.

Әкімшілік процеске қатысушылар сотқа келуге міндетті.

Сот әкімшілік іске қатысатын кез келген адамның сотқа өзінің келуі туралы өкім бере алады.

Әкімшілік процеске қатысушылар жаз-баша нысанда, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында соттың әкімшілік істі олардың қатысуынсыз қара-уы және оларға сот актісінің көшірмелерін жіберуі туралы сұрауға құқылы.

Сонымен қатар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 127-бабында көздел-гендей, тараптар сотқа хабардар бола тұра белгіленген мерзімде белгісіз себептермен сотқа қатыса алмаған жағдайда, сот талап еткен міндеттерді орындамаған, дәлелде-мелерді ұсынбаған жағдайда сот ақшалай өндіріп алу түріндегі мәжбүрлеу шарасын қолдануға құқылы.

П. ТАЯЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының бас маманы – сот
отырысының хатшысы

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ

ҚР Әділет министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №58 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының әділет органдарынан және өзге мемлекеттік органдардан, сондай-ақ, нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасына сәйкес, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарға апостиль қояды.

Апостиль – құжатқа қол қойған тұлғаның қолының және оның өкілеттіктерін растайтын, сондай-ақ, осы құжатта бекітілген мөрдін немесе мөртабанның түпнұсқалылығын қағаз түрінде немесе электрондық нысанда куәландыратын арнайы мөртаңба.

Бүгінде «Е-Апостиль» сервистік бағдар-



Е-АПОСТИЛЬ – МАҢЫЗДЫ МӨРТАҢБА

ламасы Гаага конвенциясына қатысушы елдер – Андорра, Аргентина, Армения, Австралия, Австрия, Әзірбайжан, Бахрейн, Бельгия, Боливия, Бразилия, Болгария, Чили, Қытай (Гонконг), Колумбия, Коста-Рика, Доминикан, Эстония, Грузия, Гватемала, Ирландия, Корея, Косово, Латвия, Мексика, Молдова, Марокко, Жаңа Зеландия, Никарагуа, Парагвай, Перу, Филиппин, Румыния, Ресей, Словения, Испания, Тәжікстан, Украина,Ұлыбритания, АҚШ, Уругвай, Венесуэла елдерінде іске асырылуда.

«Е-Апостиль» ақпараттық жүйесі – электрондық түрде құжаттарды тіркеуге және апостиль «мөртаңбасын» беруге арналған, апостиль қойылған құжаттардың орталықтандырылған есебі мен бірыңғай мұрағатын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе. Бұл ақпараттық жүйе арқылы электрондық нысанда қызмет алу үшін тұлға электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, портал арқылы өтініш береді.

Апостиль қою үшін ұсынылған құжат сканерленген құжаттың түпнұсқасын сканерлеу арқылы жүзеге асырылады (ксерокошірмелерден сканерлеуге жол берілмейді).

Электрондық апостиль қою үшін ұсынылатын сканерленген құжат түпнұсқаға

дәлме-дәл сәйкес келуі тиіс, түзетулерге немесе мәтінді шимайлауға жол берілмейді.

Қызметті беруші ресми құжаттағы лауазымды адамның қойған қолы мен мемлекеттік органның мөр бедерінің қолда бар үлгілерге сәйкестігін, сондай-ақ, ресми құжатқа қол қойған лауазымды адамның ресми құжатқа қол қоюға өкілеттігінің болуын тексереді.

Одан әрі ұсынылған құжаттарға жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша, қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Өтінішті және қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде өтініш келіп түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде оның «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

Қызметті алушының өтініші мен ұсынылған құжаттары талаптарға сәйкес келген жағдайда, қызметті беруші апостильдеуге жататын электрондық құжатта «Е-Апостиль» ақпараттық жүйесі арқылы электрондық апостиль қалыптастырады және уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ЭУШ арқылы қызметті алушының «жеке кабинетіне» порталға жібереді.

Электрондық апостильдің астында қызметті берушінің электрондық парағының мекенжайы (веб-параққа сілтеме) көрсетіледі. Электрондық тіркелімде электрондық апостиль қойылатын құжаттар бойынша тіркеу жүргізіледі.

Апостиль мөртаңбасының нысанынан тыс жерде төменде «Осы апостиль қол қоюшының қолының, лауазымының/ атағының түпнұсқалығын және құжатқа қойылған мөрдін немесе мөртаңбаның түпнұсқалығын куәландырады және ол қойылған құжаттың мазмұнын куәландырмайды» деген мәтін көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін барынша оңтайландыру мақсатында қызмет алушылардың құжаттарын қабылдауды электрондық түрде жүзеге асыру басты міндетіміз болып саналады. Электрондық апостиль азаматтардың уақытын үнемдеп, халықтың мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуін жеңілдетеді деген сенімдеміз.

Ж.ОРЫНБАЕВА,
Түркістан облысы Әділет
департаментінің тіркеу қызметі сала-
сындағы әдістемелік
қамтамасыз ету және бақылау
бөлімінің бас маманы

ЖАРНАМА

ӨРТУРА

2. Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 10.11. 2021ж. ұйғарымымен «САЛАВАТ-БС»/«SALAVAT-BS» ЖШС-н, БСН 010840000456, банкрот деп тану туралы іс қозғалды.

3. Алматы қаласы МАЭС-ның 05.11.2021ж. ұйғарымымен «КАЗАХТРАНССТРОЙ» ЖШС-не, БСН 051140008077, оңалту рәсімдерін қолдану бойынша азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: Алматы қаласы, Амангелді көшесі, 70. Тел.: 87771976697.

4. Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 10 қарашадағы ұйғарымымен «АС partners» ЖШС-на БСН 070340010921 қатысты ақтау процедураларын қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

5. «Astana Coffee (Астана Кофе)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 130940017062, бір заңды мекенжайы бар «Astana Coffee ((Астана Кофе) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жаңадан құрылған «Prestige Coffee»(Престиж Кофе)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін бөлу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды: ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Желтоқсан көш. 2 үй, 86-п. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Желтоқсан көш. 2 үй, 86 пәтер.

12. Кеген ауданының «Ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 180540005102, өзінің Кеген ауданының «Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады. Қазақстан, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, №9 ғимарат.

22. «Орта Азия және Кавказ биологиялық қауіпсіздігі қауымдастығының», БСН 090440017064, түпнұсқадағы Жарғысы, 23.04.2009 ж. берілген #96507-1010-ОЮЛ (ИУ) заңды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ТАРАТУ

6. «Байжігіт-2020» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі БСН 200140011199, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 160027, Шымкент қ., Абайский р-н, Жилой массив Игилик, Абдраимова к., 13 ү. Тел. 87074034349.

7. «Қаракулов Смайыл» ЖШС, БСН 180940009279, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 160027, Шымкент қ., Абайский р-н, Жилой массив Игилик, Абдраимова к., 13 ү. Тел. 87074034349.

8.Кеген ауданының «Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 180540005409, өзінің «Кеген ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады. Қазақстан, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі №9 ғимарат.

9.Кеген ауданының «Қаржы бөлімі» ММ ұйымы, БСН 180540005320, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Кеген ауылы, Б.Момышұлы көш 19А. Тел.87277721278

10.ТОО «САҚ ПРОЕКТ» ұйымы, БСН 150440010348, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қ., Желтоқсан қ., 20 ү., 30 п. 11.Кеген ауданының «Дене шынықтыру және спорт бөлімі ММ» ұйымы,

БСН 180540005698, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б.Момышұлы көш, №19А.

13.Кеген ауданының «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 180540005668, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б.Момышұлы көшесі. №19.

14.«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Ақкөл қаласының мектепаралық оқу-өндірістік комбинаты» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 990340007286) Ақмола облысы әкімдігінің 05.11.2021 жылғы ҰА-11/560 қаулысы бойынша өзін тарату туралы хабарлайды.

Кінәрат-талаптар хабарландыру жарияланған күннен 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 144-үй, байланыс телефоны 8 (71638)20568, 87014601867.

15.«Автор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 040240002218, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050062, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Өтеген батыр көшесі, 76а.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор: Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

МҰРАҒЕРЛІК

17.20.08.2021 ж., қайтыс болған Исаева Карима Сәидұллаевнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге Түркістан қаласының нотариусы Е.Е.Байсбаевқа хабарласуды сұраймын:Түркістан қ.,1 мөлтек ауданы, С.Ербаев к.,12 үй, 26 пәтер. Тел. 87017314766 хабарласу қажет.

18.28.08.2021 ж., қайтыс болған Даркембаева Арайлым Ибраймакуновнаның артынан мұрагерлік іс ашылды.Мұрагерлерге Алматы қаласының нотариусы Рахим Ильмира Талантқызына хабарласуды сұраймын: Алматы қаласы, Ашимова көшесі,13 а,1 этаж, 13 А офис. Тел.87017655074.

19. 19.03.2018 ж. қайтыс болған Бектлеуова Насибаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге Түркістан қаласының нотариусы Т.Ө.Тілеповке хабарласуды сұраймын: Түркістан қаласы, Тәуке хан көшесі, 301 ү. Тел.87016565788 хабарласу қажет.

16. 25.08.2021 ж. қайтыс болған Зайнитдинов Немаджанның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 301 мекенжайы бойынша нотариус Т.Ө. Тілеповке келулері тиіс. Тел.: 87016565788.

20.08.07.2021 ж. қайтыс болған Турманова Гулзинаттың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 301 мекенжайы бойынша нотариус Т.Ө. Тілеповке келулері тиіс. Тел.: 87016565788.

21.«Jusan Garant» АҚ НСГОС сериялы #00043494 полистің жоғалуына байланысты жарамсыз деп тануды сұрайды.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8 (7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юрическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIOPOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydbaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақаатаев көш. қылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

